

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры: Д.Есжанова
« 08 » 08 2024 жыл



**«№19 орта мектебі» КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру
бойынша жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының
2-қосымшасына сәйкес*

2023 -2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде атқарылған жұмыстардың қорытынды есебі.

2023-2024 оқу жылында Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығын басшылыққа алып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарына сүйене отырып, тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітілген. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім шұғылдардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалған.

Мақсаты : Жалпы адамзаттық ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, еңбекқор, адал, сипына, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар – ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік өаснеттерін жоғары ұстауға баулу, құқықтық мәдениет қалыптастыру;
- Денсаулықты қадірлеуге, сауиатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығы мен эмоционалдық тұрақтылыққа баулу;
- Табиғатқа, табиғи мұраға, ұжымтылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді пайдалануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтижесі:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарапайымдық», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отанын, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге іет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұрағын үйін, ауласын, қаласын тазы ұстайды, қоғамдық орында және қоршаған ортаға ұжымтылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.

Сынып жетекшілермен жұмыс

2023-2024 оқу жылында мектебімізде барлығы 1-11 сыныптар арасында 41 сынып комплектісі, 4 даярлық тобы бар. 1 - 4 сынып бойынша 16 сынып, 5 – 8 сынып бойынша 17 сынып, 9- 11 сынып бойынша 8 сынып. Барлығы 41 сынып жетекші, 4 тәрбиеші қызмет атқарады, 1012 оқушы білім алуда.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығын басшылыққа

анып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, рух, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпы адамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» көрсетілген 3 құндылық бойынша жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы барысында белгіленген 3 құндылықтың өзіндік мақсаттарын орындау басшылыққа алынды. Осыған байланысты сынып жетекшілер тәрбие жоспарын жасауда 3 құндылықты негізге ала отырып, туғанның 6 жасқа дейін, 6 – 10 жас кезеңіндегі бала тәрбиесі, 11- 13 жас кезеңдегі жасөспірім тәрбиесі, 15 – 18 жас кезеңіндегі жастар тәрбиесі бойынша оқушылардың жас ерекшелігіне сай тәрбие жоспарларын жасады.

Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы әр тоқсан сайын ұйымдастырылып тұрады.

- 1.Ата - аналар жиналысын өткізудің заңнамалық негізі және басшылыққа алатын құжаттармен танысу.
- 2.Ата - аналармен тиімді жұмыс жасау формалары мен құнды қағидаларын анықтау.
- 3.Әр түрлі форматтағы ата - аналар жиналысының жоспарын құрастыру.

2023 -2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу – тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында мектептердің ата – аналар қауымдастығымен өзара іс – қимылдан нығайту, ата – аналарды педагогикалық қолдау орталықтары құрылды. Ата-ана мен мектептің қарым- қатынасы – ұрпақ тәрбиесінің қайнар бұлағы. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдылықпен мектептің бірлескен әрекетінде.

Ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі- оқу жылында өткізілетін ата-аналар оқуы болып табылады. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастық жүйе. Олай болса, ата-ана осы жүйені тғылым мен өнер ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Сондықтан мұғалім мен ата-аналардың өзара қатынасы міндеттерінің ең негізгісі –психологиялық -педагогикалық білімдерін көтеру болып табылды. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығы аясында өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде ата – анамен бірлесіп жұмыстар жүргізу.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:позитивті ата – ана мәдениетін дамыту арқылы балалардан ол- ауқатпен, тұлға ретінде үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата – аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті нығайту.

Орталықтың міндеттері: Балалардың саламаттығын қамтамасыз ету үшін ата – аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық – педагогикалық және әлеуметтік құзыретін дамытуға арналған жүйелік педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы және отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту.Балалардың саламаттығын үдерісте қамтамасыз ету бойынша балалардың тәрбиесі мен дамуына ата – ана жауапкершілігін арттыру.

Жүзеге асу принциптері:

- ✓ Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- ✓ Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- ✓ Ата – аналарға дифференциалды және жеке-кей қолдау көрсету;
- ✓ Заманауи ғылым мен тәжірибенің оңық үлгілерін пайдалану;
- ✓ Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен біліктілікті әкелерттерді тарту;

Ата – аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталықтарындағы сабақтардың мазмұны орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл – ауқатты контекстіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді. Педагогикалық қолдау 1 -11 сынып оқушыларының ата – аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық қолдау бағдарламасы әр буын бойынша жыл көлемінде сегіз сабақты қамтиды. Атап айтсақ, мектебімізде ата – аналар оқуы әр буын бойынша ай сайын өтіп отырады.

1.1- 4 сынып ата – аналармен

1. 1-4 сынып ата – аналары мен «Әрбір бала жарық жұлдыз» тақырыбында ата – аналар оқуы өткізілді.

2. 1 –4 сынып оқушылардың ата – аналарымен «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады» тақырыбында ата – аналар оқуы ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: ата – аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту.

3. 1-4 сынып ата - аналарымен "Құмар ойыншыры - тәуелділік қалайы" тақырыбында ата - аналар оқуы өтті. Мақсаты: Ата - аналардың интернет - ресурстарды қауіпсіз пайдалану, балалардың ойынға тәуелділігін жеңу дағдыларын дамыту.

4. "Сенім артту – жетістік кепілі" тақырыбында 1-4 сынып ата-аналарымен ата - аналар оқуы өтті. Мақсаты: ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыру.

5. 1-4 сынып ата - аналарымен "Әкеге қарап ұл өсер, Анаға қарап қыз өсер" тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді.

6. 1-4 сынып ата - аналарымен "Тәлімменен өрілген біздің дәстүр" тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: Ата - аналардың отбасылық әл - ауқатын нығайту үшін прогрессивті дәстүрлерді дамытуға және қолдауға дайындығын қалыптастыру.

1.5 – 8 сынып ата – аналарымен

1.5- 8 сынып оқушылардың ата – аналарымен «Балаға үйрету: ақылды мейірімге орап бер. Оз баланыңдың кілтін қашай табуға болады?» тақырыбында ата – аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата – аналарды жас дағдырысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым – қатынас орнату қабілетін дамыту.

2.5 – 8 сынып оқушылардың ата – аналарымен «Бұлақ көрсен, көзің аш» тақырыбында ата – аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата – аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дағдыларын қалыптастыру.

3.5-9 сынып ата - аналарымен "Әр нәрсенің өлшемі бар..." "Қажет" пен "қалау" арасындағы теңе - теңдікті қалай сақтауға болады тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді.

4. 5-9 сынып ата - аналарымен "Әр нәрсенің өлшемі бар..." "Қажет" пен "қалау" арасындағы теңе - теңдікті қалай сақтауға болады тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың жасөспірімнің талаптары мен қалауы арасындағы теңе - теңдікті ұстау қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

5. «Отбасы құндылығы» тақырыбында ата – аналармен тренинг ұйымдастырылып өткізілді.

1.9-11 сынып ата - аналарымен "Әлеуметтік желілер және интернет кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіз мінез - құлық тақырыбында ата - аналар оқуы өткізілді.

2.8 - 11 сынып оқушыларының әкелерімен "Атадан өсиет, анадан қасиет" тақырыбында әкелер оқуы өткізілді.

Өткізілген ата - аналар оқуы - әртүрлі әдіс – тәсілдерді (семинар – практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б) қолдана отырып жүргізілді.

Ата – аналардың педагогикалық қолдау орталығының негізінде «Даналық мектебі» клубы құрылды. «Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады.

✓ «Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – ағз буының педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- ▶ ағз буының бастаманшал және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ▶ ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- ▶ өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың он тәжірибесін таратуға ықпал ету;
- ▶ «Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже:
- ▶ позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін ағз буының тәжірибесін табысты пайдалану.

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясы жұмыс атқарады:

Ата өсиеті:

- Жетеатасын білген ұл.

жетіжүртың қамын жер

-Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет

«Әже даналығы»

-Ертегі – танымының көзі

-Ырым – тыйым – әдептілік негізі

«Аға қамқорлығы»

-Ағасы бардың – жағасы бар

-Ер жігітке жарасар салуатты бейнесі

Әуесханұлы, емхана меңгерушісі Бертілеуова Тазагүл Жазиқызы, «Аралтұз» ААҚ зауыт директоры Жақпаров Азамат Зиндайұлы және ардагер ұстаздар, ата - аналар қатысты.

1 қыркүйек - Білім күніне арналған "Мектебім - мейірім мекені" атты І-ІІ сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

25 Қазан - Республика күні мерекесіне орай «Маңгілік жаса, қыран елі Қазақстаным!» атты іс – шара жоспары жасалып, бекітілді.

25 Қазан - "Республика күні" мерекесіне орай мектеп фойесіне безендіру жұмыстары жүргізілді.

6 сынып оқушыларының қатысуымен «Мен Отанның бақытты ұланым» жинарыбында чешлендігі түсірілді.

25 Қазан - Республика күні қарсаңында мектебімізде оқушыларды Республикалық бірлестігі "Жас Қыран", "Жас Ұлан" балалар ұйымының қатарына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді.

Республика күні мерекесіне орай сыныптарда тақырыптық тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәуелсіздік күніне орай 4 б, 5-а сыныптарында "Тәуелсіздік шежіресі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

«Тәуелсіздік – еліміз еркін жол» тақырыбында «Әсем әуендер» үйірмесі ондай мерекелік жиын өткізді.

Мектеп кітапханасында «Тәуелсіздік - тұмарым» кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

10.11.2023 ж. «Төтенше жағдайдың алдын-алу» мақсатында эвакуациялау оқу жаттығуы өтті. Мақсаты: қауіп қаһардың алдын алу, және қорғануға төтенше жағдайға дайын болуға үйрету. 1 қабат, 2 қабат қамтылды. Эвакуациялау оқу – жаттығу жұмыстарына даярлық тобы, 1-4 және 5-11 сынып оқушылары қамтылды. Барлық мектеп ұжымы пән мұғалімдері және сынып жетекшілері кіші жамту қызметкерлері қатысуы қамтамасыз етілді. Схемада көрсетілген нұсқаулық бойынша түсіндіру жұмыстары алдын ала жүргізілді. Сонымен қатар 6 шы сабақтың уақытында «Төтенше жағдайға байланысты нысаны босату» керек деген сигнал берілді және мектеп кезекшілері өз міндеттерін атқарды. Сыныптағы оқушылар пән мұғалімінің көмегімен оқу құралдарын жинап, сапқа тұрғызылып, бір – біріне көдергі келтірмей далаға шығарылды. Дәлізде кезекшілері мен әкімшілік мүшелері сыныптардың дүрбеленіп түспей, рет - ретімен түсуін қамтамасыз етуге көмектесті. Сынып оқушылары бағытталған схема арқылы рет - ретімен далаға шығарылды. Мектеп медбикесі оқушыларды өз қадағалауына алды.

22 наурыз мерекесіне арналған Наурызанама онкүндігі болып өтті.

Бастауын сан мыңдаған ғасырлардан алатын наурыздың 14-і «Көрісу күні».

Жер бетіндегі тіршілік атаулы жанаратын бұл кезеңді біздің халқымыз «Амал мерекесі» деп те атайды. Мектебімізде осы мерекеге орай ұжым мүшелері бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, тұмырың ұзақ болғай!», "Көрісу күні құтты болсын" деп тілек айтылып, үлкендерге ісет көрсетіліп, ілтипат білдірілді.

Наурызанама жоспарына сәйкес, 14- Наурыз мектебімізде 5-6 сынып оқушылары арасында "Көрісу күні-амал мерекесіне" байланысты іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар көрісу мерекесі туралы мағлұматтар тыңдап, сұрақтарға жауап берді. Ән-күй, терме, тақпақтарын орындады.

Іс-шараға кентіміздің әкімі Іскендірұлы Пазылбек, ауыл мешітінің имамы Кенесханов Нұржан мырза, мектеп директоры Лаззат Жұбаханқызы қатысып, тілек-лебідерін айтты.

15-наурыз – Қайырымдылық күні. Кентіміздегі «Аминка тәттілері» кондитерлік цехы мен «Хамза» азық-түлік дүкенінің демеушілігімен мектебіміздегі аз қамтылған отбасы және жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасыға азық-түлік алынып, көмек көрсетілді.

16 НАУРЫЗ - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР КҮНІ.

Қазақ мәдениетінің керемет құнды дүниелерінің бірі - ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР.

Қазақ халқының көне эпостық жырларына батырлар жыры жатады.

Бүгін 16 наурыз - "Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлер" күніне орай "БАБАНАР ҮНІ" эпостық жырлар оқу марафоны өткізілді. 5-9 сынып оқушылары белсене қатысып, батырлар жырын жатқа айтып сертификат иеленді.

"ШАҢЫРАҚ" күні шаңырақтағы ұрпақты тәрбиелеу ісін дұрыс жолға қойып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік, білімқұмарлық пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға сеп болатын, осындай қазақи шаңырақтың болмысын жақсы сақтаған, сол бір шаңырақтан өрбіген кентіміздің тұрғыны ӘБІЛМӘЖІН аға мен САРА ашаның отбасындағы көрінісі. Ордайым шаңырақтарыңыз берекелі, мерекелі болсын!

18 наурыз - Ұлттық киім күні. Мәқсаты: ұлттық құндылықты насихаттау, қазақтың салт-дәстүріндегі ұлттық өнегені оқушылар бойына дарыту, елге, жерге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін оятып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Мектеп парламенті ұлттық киімдерді насихаттап, бейнеролик ұсынды.

ЖАҢАРУ КҮНІ ел өмірінде және әрбір қазақстандақтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Осы күні көктемгі ағаш өту дәстүрін жалғастыру ұсынылды.

19 наурыз - ЖАҢАРУ КҮНІНЕ орай ұстаздар мен оқушылар ағаш отырғызып, мектеп ауласына көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Ұлттық спорт түрлері мәдени мұраны сақтауға, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін күшейтуге ықпал етеді. Бұл мереке біз үшін бірліктің символына айналып, әр азаматтың өз елі үшін мыстанып, адами-рухани қасиеттерді дамытуына мүмкіндік береді.

20 наурыз - ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІне орай мектебімізде ұлттық спорт түрлерін сайыстар өткізілді.

21 наурыз – Ұлытымақ күнінде Ұлыстың ұлы күні — НАУРЫЗ мерекесін тойлады. Жұртшылық ортаның алаңға ерте бастан жиналып, бауырсақ пен наурыз көжеден дәм татты. Түрлі тақырыптағы киіз үйлер тігіліп, ұлттық спорттан жарыстар ұйымдастырылды, әдемі көрініс қойылып, ән шырықп, би биледі.

Мерекелік шараға аудан әкімі келіп, кент тұрғындарын мерекемен құттықтап, жылы лебіін білдірді.

Мерекелік шаралар барысында "БАУЫРСАҚ ПАТИ", "ДОМБЫРА ПАТИ" шаралары ұйымдастырылып өткізілді.

Ұлыстың ұлы күніне арналған шара соңы мектебіміздің өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласып, жанылған көпшілік мерекелік көңіл-күйді сезінді.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында бастауыш сыныбында тәрбие сағаты болып өтті.

Тәрбие сағатын өту барысында ата-аналар сынын жетекшісі Кеңжеғалиева Жазирамен бірге қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері, соның ішінде БЕСІККЕ САЛУ, ШАШУ дәстүрлерін көрсетті. Қыз балалары арналған ШАШБАУ үлгілерімен таныстырып, қыздың елі шашбау екенін ұғындырды.

Оқушылар ұлттық ойындардың түрлерімен танысып, қызыға ойнай білді.

Үлгілік тағамдар туралы мағлұмат алып, бата берудің пайдасы және бата берудің тәртібі жайлы білді. Қазақтың үлгілік бні “ҚАМАЖАЙ” бнін білеіп, Наурыз мерекесіне орай “Наурыз” әні орындалды.

Тәрбие сағатына келген ата-аналар оқушыларға баталарын беріп, алғыстарын білдірді.

5-в сыныбында “С.Нұрмағамбетов-халық үшін туылған батыр” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларды С.Нұрмағамбетовтың өмірбаянымен таныстыру; патриоттық сезімге тәрбиелеу; майдан батырларының ерліктерін ерліктің, қайсарлықтың, отансүйгіштіктің үлгісі ретінде көрсету.

2. Құндылық: Ар-ұят

-Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды

-Сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады

-Ана-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

-Достарын, сыныптастарын сыйлайды

-Ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

Отбасы күніне орай «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында өткізілетін іс – шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспар негізінде 2 – 11 сынып оқушылары «Сүйікті ата – анама хат» атты тақырыпта ата-аналарына ашық хат жолдады.

«Әсем әуендер» үйірмесінің ұйымдастыруымен отбасылық мерекелік кеш өткізілді. Кеште отбасы мүшелері бірігіп ынтымақтастықта әндер орындады.

«Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбында Отбасы күніне орай 4 сынып оқушылары мен ата-аналары арасында отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Сайыста әр отбасы белсенділік көрсетті.

«Мен отбасыммен мақтанамын» тақырыбында оқушылар арасында әссе жұмыстары жүргізілді.

Қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты қарттар күніне арналған іс – шара жоспары жасалынып, бекітілді. Атап айтсақ 2-4 сынып оқушылары арасында “Менің сүйікті әжем мен атам” тақырыбында құттықтау бейнеролигін жасады.

«Жас ұлан» ұйымы мен мектеп парламенті мүшелері кентіміздегі қарт кісілерге құттықтау арнап, ыстық ықыластарын білдірді.

5 в сыныбында «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Жастар ұйымының ұйымдастыруымен «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесу болып өтті.

Ұстаздар күніне орай «Ұстаз деген жарық күні ғаламына» тақырыбында іс – шара жоспары жасалып, бекітілді. Ұстаздар мерекесіне орай 5 қатар күні «Дублер күні», яғни білім алушылардың өзін – өзі басқару күні өтті. Мақсаты: Мектептегі өзін – өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. «Дублер күні» өткізу мақсатында 10 сынып оқушыларымен 9 сынып оқушылардан бастамашыл топ құрылды. Сонымен қатар жоспар бойынша алдын ала өзін – өзі басқару күнін өткізу ережесі, мақсаттары мен міндеттері, өткізу форматы мен тәртібі айқындалды. Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің ролін 10 сыныппен 6, 8, 9, 10 сынып оқушылары атқарды. Осы жауапты іс – шараға оқушылар жоғары дайындықпен келді. Мұғалімдердің басшылығымен сабақ кестесін құрып, әр сабақтың жоспарын жазды. Таңертеңнен бастап мектепте ерекше атмосфера орнады. Дублер күні - оқушылардың көшбасшылығын арттырып, өзін – өзі басқару ұйымын жақсартуға және өзін мұғалім болып сезіне алуына мүмкіндік берді. "Дублер" күні білім алушылардың өзін- өзі басқару ұйымынан ұйымдастыруымен өткізілді. 6 сыныптар бойынша «Менің сүйікті ұстағым» тақырыбында сұхбат өткізсе, 1 сынып оқушылары құттықтау ұйымдастырды. "Мұғалім мектептің жүрегі" тақырыбында мұғалімдер күні мерекесіне орай өзін-өзі басқару ұйымының құттықтаулары.

1-4 сынып оқушылары арасында "Менің отбасым" тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға отбасының құндылықтарын насихаттау, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Отан отбасынан басталатынын дәріптей отырып, оқушыларды Отансүйгіштікке, әсемдікке, салауаттылыққа баулу.

9 ақпан Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай "Жыр жүйрігі - Мұқағали" тақырыбында әдеби- сазды кеш өткізілді. Мақсаты: Ақынның ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына толу жасау.

Көктемнің алғашқы күні 1 наурыз - "Алғыс айту күні" мерекесіне орай, мектебіміздің оқушылары "Ата-ана сағат рақметі" тақырыбында өз ата-аналарына жылы лебіздерін жолдады.

3 а, 5 а, 8 а, 6 а, 1а, ә, б, в, 6 в, 8 а, 5 а сыныптары Алғыс айту бейнеролик құттықтау жолдады.

«Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында "Алғыс айту-шырылым" тақырыбында ардагерлерге арналған мерекелік шара өткізілді. 8 наурыз мерекесіне орай 1- 6 сынып оқушылардың қатысуымен "Көктемгі гүл шоқтары", "Өмір сыйлаған, Ана" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылып өткізілді.

5 б сыныбында «Ана – ұлт тәрбиешісі» атты іс-шара болып өтті.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай I"Ә" сыныбында : Анашым, мерекелеріңізбен!" атты тақырыпта сыйлас сабағы өткізілді.

8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай мектебімізде "Сыйынар ем, Ана деген таңірге" атты тақырыпта мерекелік концерт өткізілді.

3. Құндылық: Талан.

-Жан мен таң тазалығын сақтайды

-Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді

-Қоршаған орта тазалығын сақтайды

**-Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық
-Ізденімпаз,жасампаз тұлға**

1-4 сынып оқушылары арасында "Берекелі, мерекелі алтын күз" көрмесі,
5-7 сынып оқушылар арасында "Аяулы күз, Аяғын күз"атты тақырыпта Алтын күз мерекесі ұйымдастырылып өткізілді.
"Балалар кітапханасы жобасы" аясында "Ертегілер әлеміне саяхат" тақырыбында 2 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: балашарға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету,кейінкердің мінез-құлқын сезіндіру,есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.Ертегіні сүйіп оқуға,дәлм ершілікке,шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

"ДосболLIKE! достық қолын ұсын" акциясы жоспары құрылып, жоспар бойынша түрлі қызықты іс-шаралар өткізілді.

6 сынып оқушылары арасында ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

6-8 сынып оқушыларының қатысуымен қазақтың ұлттық ойындары "Асық ату", "Бес тас"спорт түрлерінен жарыс өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында қазақтың ұлттық асық ату, бес тас спорт түрлерін дамыту. Ұлттық спортты дамыту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.

1-4 сынып оқушылар арасында "Қалдықтарды табысқа айналдырайық"тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Мақсаты:күнделікті тұрмыста аса мән бере қоймайтын қатты тұрмыстық қалдықтарды ұтымды жолдармен жою және оларды қайта пайдалану мүмкіндігін де қарастыру. Атмосфераға зиянды қалдықтардың тасталуын азайту мен қоринаған ортаны сақтау үшін жасыл технологияларды қолдануға баулу.

"Каникулда кітап оқимыз" буккроссингін ұйымдастырып өткізді. Мақсаты: оқушыларды азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, балалардың бос уақытын ұйымдастыру, баланың ақыл- ойын дамыту. Өз ой - пікірлерін айтып, ойларын жетік, ашық жеткізе білуге үйрету. Адамгершілік, адалдық, тәрбиелік пен қатар салауаттылыққа тәрбиелеу.

«Тоғыз айға тоғыз іс –шара» тұжырымдамасы.

Тұжырымдама өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарынқалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғайкөзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-шараның тақырыптары,ережелері, мазмұны бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылады.Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген.

Мақсаты: «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» аясында білім беру ұйымдарында іс-шаралар өткізудің мазмұнын мен бірыңғай тәсілдемесін әзірлеу.

Міндеттер: 1.Іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай форматын әзірлеу;2. Іс-шараларды өткізудің бірыңғай форматы арқылы білім беруұйымдары арасында ынтымақтастық орнату;3. Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды дарыту.

08.09.2023 ж күні мектебімізде "Сергіту сәті"челленджі ұйымдастырылды. Мақсаты:Балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

23.10.23 жкүні мектебімізде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін айту чөллендігі ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың бойына патриоттық сезімін қалыптастыру, Отанына, еліне, жеріне сүйіспеншілік сезімін ояту. «Асық ату», «Домбырышылар», «Шахмат ойнау» чөллендіктері ұйымдастырылып, оқушылар мен мұғалімдер белсене қатысты. «МИФ» бірлестігінің ұйымдастыруымен "Қазақ есебі" байқауы өтті. Мақсаты: оқушылардың білімдерін саралау, ой ұшқырлықтарын байқау, топпен бірлесіп отырып жұмыс істей білуге және өз білімін көрсете білуге үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, жән - жақты білімділікке баулу.

«Торт тоқсан – торт өнер» ұлттық мәдени - ағартушылық жобаның негізінде ән-әуестілігі мұғалімі Махамбетова Жанар ұйымдастыруымен 6-8 сынып оқушылары арасында еркін тақырыпта «Жас ақындар айтысы» өткізілді. Нәтижесінде 8-а сынып оқушысы Жұбатқанова Акерке үздік деп танылды.

Қыздар, ұлдармен жүргізілген жұмыстар.

5-7 сынып қыздарымен қыздардың жеке бас гигиенасы мен физиологиялық ерекшеліктері тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге мектеп медбикесі Б.Жамағамбетова қатысты. Қыздардың жеке бас гигиенасы туралы сұрақтар қойылып, қыздар өз ойларын ортаға салып, пікірлері тыңдалды.

«Ырым-тыйым – «дептілік негізі» тақырыбында қыз балалармен дөңгелек үстел өткізілді. Іс – шараға мектеп психологы К.Ысмак, мектеп аяжаны Х.Ізбасарова, Қыздар кеңесінің төрағасы Ә.Болатова қатысып, өз ойларын ортаға салып, қыздармен сырласып, кеңестерін айтты.

5-7 сынып ұлдарымен «Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», «Құқық бұзушылық және жауапкершілік» тақырыптарында жиналыстар өткізілді.

Жиыныста ұл балалардың сабаққа қатысы, мектеп формасы, сабаққа кешігу жайында және де қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық ортада ұл бала өзін қалай ұстау керектігі жайлы айтылып ескертілді.

«Шаттық» би үйірмесі жұмыс жасайды. Құрамында 24 жастағы бала бар. Репертуарында «Қамажай» биі, орыс биі, заманауи биі, шашу биі. Аудандық, облыстық байқаулардың дипломанттары, "Бөзторғай" балалар шығармашылық байқауында облысқа жолдама иеленді. «Жеті өнер» Республикалық өнер фестивалінің «бас жүлде» иегерлері.

2018 жылдан бастап «Әсем әуендер» үйірмесі жұмыс жасап келеді.

Аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегерлері

Вокал жанры бойынша Қазнұлы Мирас, Қуанышова Фатима, Әмірбекқызы Дана, Әлқұт Айбар жүлделі орындарға ие болып жүрген үйірме мүшелері.

Ансамбль топтық жанры бойынша 4-5 сыныптар «Ауылым», «Шаттаншамын», «Туған жерім тамаша» тб әндерді орындап жүлделі орындармен марапатталды. Республикалық "Жеті өнер" ән байқауында 1-ші орынмен, Қызылорда қаласында өткен TANM-ART байқауында Бас жүлде және 1-ші орындармен марапатталды.

Қызылорда қаласында өтетін "Бөзторғай" балалар шығармашылық облыстық байқауында жолдама иеленді.

Тәрбие жұмысын талдауға сүйене отырып, жалпы алғанда 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының қойылған міндеттерін шешілген деп санауға болады, мақсатқа қол жеткізіледі.

Қорытынды: Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығына сүйене отырып, мектептің 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының оң және теріс жақтарын анықтауға болады. Мектептің білім беру жүйесінің жағдайына SWOT-талдау:

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. Оқушылардың рухани – адамгершілік дамуын және кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ететін мекемелерімен әлеуметтік серіктестік; 2. Қосымша білім беруде оқушылардың қатысу пайызы төмендемейді; 3. Тәрбие жұмысының жоспары толық көлемде жүзеге асырылады; 4. Сынып ұжымдарының тәрбие жұмысы бағдарламасын жүзеге асырудағы белсенділігі артып келеді; 5. Оқушылардың шығармашылық белсенділігінің өсуі, түрлі конкурстарға, байқауларға және басқа да жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға деген ынтасы байқалады; 6. Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту; 7. Ата-аналарды педпсихологиялық қолдау орталығына және «Даналық мектебіне» тарту.	1. Сынып жетекшілерінің жеке оқушылардың этикасын, мінез-құлық мәдениетін зерттеуге жеткіліксіз көңіл бөлуі; 2. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарының жеткіліксіздігі; 3. Балалар ұйымы қосбасшыларының құқықтық мәдениетінің төмендігі; 4. «Даналық мектебі» жұмысын алға тарту
Мүмкіндіктер (O)	Қауіптер (T)

1. Оқушылардың бір-біріне толеранттық қарым-қатынасын қалыптастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдай жасау, экстремизмнің алдын алу; 2. Сынып жетекшілерінің біліктілігін арттыру; 3. Қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу; 4. Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, жұмыс түрлері мен әдістерін енгізу; 5. Мектептегі өзін-өзі басқарудың балалар моделін жетілдіру. 6. Білім беру міндеттерін шешуге әлеуметтік серіктестерді тарту. 7. Мектеп мәртебесін көтеру	1. Ата-аналардың жұмысбастылығы. Кейбір ата-аналардың баласын оқытуға және тәрбиелеуге құлықсыздығы. 2. Ғаламтор жүйесі және түрлі гаджеттердің білім алушылардың қоғамдық жұмысқа деген белсенділігін төмендетуі. 3. Қауіптіліктің үстемдігі бұқаралық ақпарат құралдары және интернет желілері
---	---

Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы:

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы

Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

III . «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңылы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және адалдық нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Мемлекеттік парламенттің президенті Астанадағы қазан айының ұранымен

2024-2025 оқу жылындағы атақты күндер кiбесi

- 1 Түркі еліміздің Махамед Қашғаридің туғанына 995 жыл (1029–1101)
- 2 Шыңғис ханның ұлдарының Жошының туғанына 840 жыл (1184–1223)
- 3 Жошы ұнасына 800 жыл (1224)
- 4 Қазан ханы Қасым ханның туғанына 580 жыл (1445–1521)
- 5 Тарихшы, филолог Мұхаммед Хайдар Дулати туғанына 575 жыл (1499–1561)
- 6 Ақын, қолбасшы Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл (1804–1846)
- 7 Ғалым, мемлекет қайраткері Сипайыр Асфендияровтың туғанына 75 жыл (1889–1938)
- 8 Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл (1924–1988)
- 9 Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 90 жыл (1894–1993)
- 10 Қазақстан Республикасы Қорытынғын аяқтаушы қабылданғанына 30 жыл (1993)
- 11 Елдік тілтанушысы, филолог, ғылымдарының докторы Сегізбай Рәббит Сегізбайұлының туғанына 100 жыл (17.08.1924–04.07.2024)
- 12 Тарихшы-этнограф Халел Арыновтың туғанына 100 жыл (11.09.1924–08.08.1998)
- 13 Бейбітшілік жолында Бердібек Сапарбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924–1993)
- 14 Елдік тіл білімі-түркітанушы Абдуллин Қайдаровтың туғанына 100 жыл
- 15 Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл (1894–1938)
- 16 Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл (10.09.1894–1939)
- 17 Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл (15.10.1894–25.02.1938)
- 18 Қазақ класигі, драматургі Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894–26.02.1938)
- 19 Әдебиеттанушы Телжан Шопаевтың туғанына 130 жыл (1894–1938)
- 20 Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл (15.02.1915–6.05.1966)
- 21 Ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл (20.03.1935)
- 22 Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Бітібаева Қайната Омарғалиқызының туғанына 80 жыл (1.05.1945–2014)

IV. Бағдарламаның құдіретін нәтижелері

Бағдарламаның дәлелді және көшенді іске асыру нәтижесінде білім беру аяғы барлық азаматтың ұйым түлектерінің бойынша құндылықтар мен негізгі құндылықтары қалыптасуы және дамыту күтеледі.

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бағдарламаның негізгі мектеп түлегі:

мемлекеттің тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттің рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұрасы терістеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға жауапкершілік жасау;

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, азаматтық тәуелсіздігін және оның азаматтық жауапкершілігін түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелеріне құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауда, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу;

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;

мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;

мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

отандық және әлеуметтік мәдениетті танудың құрмет ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;

Отанның қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

қоғамдағы жұмыс істеу, бір-бірін таныту және ортақ мақсатқа жету де бірлесіп әрекет ету;
өз ісін мүлкің біту және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және өзіннің ерекшелігіне толық баулу;

